

**"Екпінді ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы"  
Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №592 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 наурыздағы № 25 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 2 сәуірде № 8265 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 109-1-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Екпінді ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №592 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8090 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2021 жылғы 17 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Екпінді ауылдық округінің 2021–2023 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 42 686 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 894 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттердің түсімдері – 41 792 мың теңге;

2) шығындар – 43 002,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 0:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 ;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 :

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 ;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -316,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығы қаржыландыру (профицитін пайдалану)– 316,5 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу– 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары –316,5 мың теңге.".

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жаңақорған аудандық мәслихатының кезектен тыс III сессиясының төрағасы

Жаңақорған аудандық мәслихатының хатшысы

М. Балкожаев

Г. Сопбеков

Жаңақорған аудандық мәслихатының  
2021 жылғы 25 наурыздағы № 25

шешіміне қосымша

Жаңақорған аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 592  
шешіміне 1-қосымша

## 2021 жылға арналған Екпінді ауылдық округі бюджеті

Санаты			Сомасы, мыңтеңге
Сыныбы			
Ішкісыныбы			
		I. КІРІСТЕР	42 686
1		Салықтық түсімдер	894
	04	Меншікке салынатын салықтар	894
		1 Мүлікке салынатын салықтар	13
		3 Жер салығы	80
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	801
4		Трансферттердің түсімдері	41 792
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	41 792
		3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	41 792
Функционалдық топ			Сомасы, мыңтеңге
Функционалдық кіші топ			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	
		Бағдарлама	
		Кіші бағдарлама	
		Атауы	
		II. ШЫҒЫНДАР	43 002,5
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	20 872
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	20 872
		124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20 872
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20 872
6		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 042

2		Әлеуметтік көмек	2 042
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 042
	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	2 042
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 472,5
3		Елді-мекендерді көркейту	6 472,5
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 472,5
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	3 349
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	96
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3 027,5
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	7 502
1		Мәдениет саласындағы қызмет	7 247
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7 247
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	7 247
2		Спорт	255
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	255
	028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу	255
9		Басқалар	6 114
3		Басқалар	6 114
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 114
	040	Өңірлерді дамытудың 2025-жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс –шараларды іске асыру	6 114
		3. Таза бюджеттік кредит беру	0
		4. Қаржы активтері мен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-316,5
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	316,5
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	316,5
	1	Бюджет қаражатының қалдықтары	316,5
	01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	316,5